

«Бабырнама» тіліндегі әйел бейнесі: тарихи-лингвистикалық талдау

М.Қ. Ескеева^a, *А.Р.Халметов^b

^aЛ.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0002-7647-817X

(E-mail: tag61103@inbox.ru)

^bЛ.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0009-0000-1148-5478

(E-mail: aisher.rahimjan@outlook)

*Байланыс үшін автор: aisher.rahimjan@outlook

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
түркі жазба
ескерткіштері,
Захир ад-дин
Мұхаммед Бабыр,
«Бабырнама»,
шағатай жазба
тілі, Ұмай
культі, түркілік
дүниетаным,
этномәдени
мазмұн,
қоғамдағы
әйел рөлі,
антропоним,
тілдік
репрезентация.

FTAMP 03.41.91

DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-3-121-138>

АННОТАЦИЯ

Мақалада түркі дүниесінің ұлы перзенті Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың (XV-XVI ғғ.) «Бабырнама» тарихи шығармасының тілі негізінде түркі қоғамындағы әйелдің орны сараланады. Мұхаммед Бабыр Орталық Азия түркілерінің іштей ыдырауына сәйкес жаңа мемлекеттік құрылымдардың қалыптасу үдерістері қарқынды жүріп жатқан күрделі кезеңде өмір сүрді. Қоғамдағы күрделі мәдени-әлеуметтік үдерістердің арнасын туған халқының мүддесіне қарай бейімдеу ерекше ақыл-ой иелерінің шығармашылығы мен іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Кемел тұлға әрдайым өз заманының, өз халқының проблемасын терең түсінеді, тұлғалық сапасы неғұрлым жоғары болған сайын оның рухани-моральдық жауапкершілігі де жоғарылай беретіні белгілі. Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың шығармашылығы дәстүрлі мәдениетті өзге мәдениеттердің ықпалынан сақтауға, түркілік дүниетанымды насихаттауға, түркілердің тарихи шежіресін келер ұрпаққа жеткізуге бағытталады. Түркітануда қалыптасқан дәстүр бойынша «Бабырнама» қарлұқтық тілдік белгілері сипаттайтын классикалық (ескі) өзбек тілінің үлгісі ретінде қарастырылатыны белгілі. Түркі тіл біліміндегі мұндай бір жақты көзқарасты «Бабырнама» ескерткішінің мазмұны мен Орталық Азияны мекендейтін түркі халықтарының тарихы, жазба мұраның тілдік ерекшеліктері теріске шығарады. «Бабырнама» ескерткішінің тілі – оғыз-қарлұқ-қыпшақ аралас тілдік жүйені сақтаған Орталық Азия түркілерінің бәріне ортақ жазба тіл. «Бабырнама» мәтініндегі хан-сұлтандардың аналары мен әйелдері, әпке-қарындастары мен қыздары туралы деректерді саралау – түркітану ғылымында әлі зерттеу нысанына

алынбаған мәселе. Бұл көне түркілер дүниетанымынан бастау алатын «әйелге құрмет» идеясын сипаттайтын тілдік бірліктерді тарихи-лингвистикалық тұрғыдан саралаудың түркі тіл біліміндегі өзектілігін сипаттайды. Зерттеудің мақсаты – «Бабырнама» мәтініндегі әйел бейнесін сипаттайтын синтаксистік, мәнмәтіндік деңгейдегі тілдік репрезентацияның этномәдени мазмұнын ашу арқылы түркі әйелінің қоғамдағы орнын анықтап, «әйелге құрмет» идеясын жалпытүркілік рухани-мәдени құндылық ретінде дәйектеу. Нәтижесінде, XVI ғасырдағы түркі әйелдерінің үлкен құрметке ие қоғамның толыққанды мүшесі болғаны; отбасындағы, бала тәрбиесіндегі әйелдің орны жоғары бағаланғаны; белгілі бір дәрежеде саяси-дипломатиялық істерге араласқаны анықталып, тілдік деректер негізінде дәйектелді. «Бабырнама» ескерткіш тілінде хан әулеті әйелдерінің өздігінен ажырасу құқығы болғаны туралы деректердің сақталуы Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр заманындағы гендерлік теңдіктің айқын дәлелі бола алады. «Бабырнама» ескерткішінде әулеттегі әйелдер туралы барлық мәліметтердің – шежірелік тегі, бастан кешкен оқиғалары, қыздардың кімге ұзатылғаны және қанша ұлқызы болғаны толық жазылуы тек Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың ғана емес, тұтас қоғамның әйелдерге деген көзқарасын айқындайды. Көнетүркілік Ұмай-ана культінен бастау алатын әйелге құрмет жалпытүркілік дүниетанымды сипаттайтын рухани-мәдени құндылық тұрғысынан қарастырылды.

M.K. Yeskeyeva^a

^aL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0000-0002-7647-817X

(E-mail: mag61103@inbox.ru)

***A.R. Khalmetov^b**

^bL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0009-0000-1148-5478

(E-mail: alisher.rahimjan@outlook)

**Corresponding author: alisher.rahimjan@outlook*

The image of women in the language of 'Baburnama': historical and linguistic analysis

Abstract. This article examines the role of women in Turkic society as reflected in the language of the historical text 'Baburnama', written by the prominent Turkic leader Zahir ad-

Received 14 April 2026. Revised 19 May 2026. Accepted 29 June 2026. Available online 30 September 2026.



Дәйексөз үшін: М.Қ. Ескеева, А.Р. Халметов «Бабырнама» тіліндегі әйел бейнесі: тарихи-лингвистикалық талдау // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 3. 121-138 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-3-121-138>

For citation: M.K. Yeskeyeva, A.R. Khalmetov The image of women in the language of 'Baburnama': historical and linguistic analysis // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 3. P. 121-138. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-3-121-138>

Din Muhammad Babur (fifteenth–sixteenth centuries). Babur lived during a turbulent period marked by the internal disintegration of the Central Asian Turks and the emergence of new state formations. In this context, intellectual and political elites played an important role in shaping cultural and social processes and articulating them in line with contemporary ideological and dynastic interests. Babur's work reflects an effort to preserve elements of Turkic cultural heritage, articulate a shared historical consciousness, and transmit genealogical and historical knowledge to future generations. Within Turkological scholarship, the 'Baburnama' has traditionally been regarded as a representative text of Classical (Old) Uzbek, characterized primarily by Karluk linguistic features. However, both its historical content and linguistic characteristics challenge a unidimensional classification. The text demonstrates features of a broader Central Asian Turkic linguistic continuum and preserves a mixed Oghuz–Karluk–Kipchak linguistic system. The analysis of references to mothers, wives, sisters, and daughters of khans and sultans in the 'Baburnama' addresses an aspect that has received limited attention in Turkological research. This perspective highlights the importance of a historical-linguistic approach to expressions of respect toward women, which are rooted in ancient Turkic cultural traditions. The study aims to explore the social position of Turkic women and to examine 'respect for women' as a pan-Turkic cultural and spiritual value through linguistic representations in the 'Baburnama'. The findings, based on linguistic evidence, suggest that Turkic women occupied an integral position within society and were accorded a high degree of social respect in the sixteenth century. Their roles in family life and child-rearing were socially significant, and they also participated in political and diplomatic affairs. The ability of women in the khan's dynasty to initiate divorce is presented in the text as evidence of their legal agency within the social norms of the period. The detailed documentation of dynastic women in the 'Baburnama' reflects both Babur's narrative perspective and broader societal attitudes toward women. Finally, the concept of respect for women, traced to ancient Turkic beliefs such as the cult of Mother Umay, is discussed as part of a wider pan-Turkic cultural worldview.

Keywords: Turkic written monuments, Zahir ad-Din Muhammad Babur, 'Baburnama' Chagatai written language, cult of Umay, Turkic worldview, ethnocultural content, the role of a woman in society, anthroponym, linguistic representation.

М.К. Ескеева^a

*^aЕвразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева
Астана, Республика Казахстан
ORCID: 0000-0002-7647-817X
(E-mail: mag61103@inbox.ru)*

***А.Р. Халметов^b**

*^bЕвразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева
Астана, Республика Казахстан
ORCID: 0009-0000-1148-5478
(E-mail: alisher.rahimjan@outlook)*

**Автор для корреспонденции: alisher.rahimjan@outlook*

Образ женщин в языке «Бабурнаме»: историко-лингвистический анализ

Аннотация. В настоящей статье на материале языка исторического сочинения выдающегося тюркского государственного деятеля Захир ад-дина Мухаммеда Бабура (XV-XVI вв.) «Бабурнаме» анализируется социальный статус женщины в тюркском обществе. Бабур жил в переломный период, когда на фоне внутренней дезинтеграции среднеазиатских тюрков активно протекали процессы формирования новых государственных структур. Благодаря действиям и творчеству незаурядных мыслителей, подобных Бабуру, осуществлялась адаптация сложных культурно-социальных процессов к интересам родного народа. Творчество Бабура было направлено на сохранение традиционной тюркской культуры от инокультурного влияния, пропаганду тюркского мировоззрения и трансляцию исторической родословной тюрков будущим поколениям. Согласно устоявшейся в тюркологии традиции, «Бабурнаме» рассматривается как образец классического (староузбекского) языка, характеризуемого карлукскими языковыми чертами. Однако история тюркских народов Центральной Азии, а также содержание данного памятника и его языковые особенности опровергают этот односторонний взгляд. Язык «Бабурнаме», также известный в науке как чагатайский, или тюрки, представляет собой общий письменный язык всех среднеазиатских тюрков, сохранивший смешанную огузо-карлукско-кыпчакскую языковую систему. Анализ сведений, содержащихся в тексте «Бабурнаме» о матерях, жёнах, сёстрах и дочерях ханов и султанов, затрагивает проблематику, до сих пор не становившуюся объектом специального исследования в тюркологии. Данное обстоятельство обуславливает актуальность историко-лингвистического анализа языковых единиц, вербализующих идею «уважения к женщине», которая восходит еще к мировоззрению древних тюрков. Цель исследования – посредством раскрытия этнокультурного содержания языковой репрезентации образа женщины в «Бабурнаме» на синтаксическом и контекстуальном уровнях определить социальное положение тюркской женщины в обществе и обосновать идею «уважения к женщине» как общетюркскую духовно-культурную ценность. В результате анализа лингвистических данных, авторами установлено и доказано, что в XVI веке тюркские женщины являлись полноправными уважаемыми членами общества, их роль в семейной жизни и воспитании детей высоко ценилась, и они в определённой мере участвовали в политико-дипломатических делах. Сохранившиеся в языке памятника сведения о наличии у женщин ханской династии права на самостоятельное расторжение брака служат убедительным свидетельством гендерного равенства во времена Бабура. Полнота и детальность фиксации в «Бабурнаме» всех сведений о женщинах династии – их родословной, жизненных событиях, брачных союзах дочерей, количестве детей – отражает отношение к женщине не только самого Захир ад-дина Мухаммеда Бабура, но и всего тюркского общества в целом. Уважение и почет, оказываемые женщинам, прослеживаются от древнетюркского культа богини-матери Умай и рассматриваются в статье в качестве духовно-культурной ценности, характеризующей общетюркское мировоззрение.

Ключевые слова: тюркские письменные памятники, Захир ад-дин Мухаммед Бабур, «Бабурнаме», чагатайский письменный язык, культ Умай, тюркское мировоззрение, этнокультурное содержание, роль женщины в обществе, антропоним, языковая репрезентация.

Кіріспе

Түркі халықтарының рухани және материалдық мәдениеті үздіксіз даму үдерісінің нәтижесі. Ұлы далада қалыптасқан ғұламалық ой-сананың тереңдігі мен тұрақтылығын, мемлекеттілік дәстүрдің беріктігін түркі жазба мұраларынан көрініс беретін лингвистикалық мәліметтер мен тарихи-мәдени ақпараттар, философиялық пайымдаулар айқындайды. Ұлы тұлғалар шығармашылығы шығыс өркениеті мен батыс өркениеті аралығында өзіне тән даралығы бар түркі мәдениетінің орныққанын сипаттайды. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан түркілердің рухани-мәдени құндылықтар жүйесі бүгінгі түркі халықтарының да рухани мәдениетінің, мемлекеттілік дәстүрінің өзегі болып табылады.

Түркі әлемінің ұлы перзенті – Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр Орталық Азияны мекендейтін Шыңғыс ханнан тараған әулеттер арасындағы текетірес өршіген, сыртқы ықпалдар да күшейген күрделі кезеңде өмір сүрді. Бұл түркілердің іштей ыдырауына, жаңа мемлекеттік құрылымдардың қалыптасу үдерістерінің қарқын алуына ықпал етті. Өмірлік идеалдар мен қалыптасқан құндылықтар жүйесінің өзгерістерге ұшырауы жекелеген адам үшін ғана емес, бүкіл қоғамға да ауыр сын. Қоғамдағы күрделі мәдени-әлеуметтік үдерістердің арнасын туған халқының мүддесіне қарай бейімдеу ерекше ақыл-ой иелерінің шығармашылығы мен іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Шығармашылық арқылы халық санасын ояту, рухани-мәдени құндылықтарды алға тарту негізінде халықтың рухын көтеру – санадағы өзгерістер ағымын дұрыс арнаға бұрудың негізгі құралдарының бірі. Кемел тұлға әрдайым өз заманының, өз халқының проблемасын терең түсінеді, тұлғалық сапасы неғұрлым жоғары болған сайын оның рухани-моральдық жауапкершілігі де жоғарылай беретіні белгілі. Халықтың тарихи жолы мен рухани-мәдени құндылықтары «әсіресе, қоғамның адамгершілік нормалары мен мәдени дәстүрлерінің құнсыздануы мен деградациясы кезінде өзінің өзектілігін байқатады» (Ғабитов, 2005: 292). Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың дәстүрлі мәдениетті өзге мәдениеттердің ықпалынан сақтауға, түркілік дүниетанымды насихаттауға, түркілердің тарихи шежіресін келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған шығарма жазуы да сол заманның талабы болды. Ерекше парасат иесі Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» атты еңбегі хан-сұлтандардың тарихи шежіресі ғана емес, сол дәуірдегі Орталық Азия түркілерінің дүниетанымы мен тілдік ерекшеліктерін де сипаттайтын асыл мұра. «Бабырнама» қазіргі түркі халықтарының мемлекеттілік тарихы мен рухани, материалдық мәдениетіне, географиясына, флорасына және фаунасының ерекшеліктеріне қатысты мол мағлұмат береді.

Мұхаммед Бабыр шығармасының ерекше қырларының бірі – XV-XVI ғасырлардағы түркі қоғамындағы әйелдің орны жайлы мәліметтердің берілуі. Заманауи түркі қоғамында әйелдер проблемасы әлі де күн тәртібінен түспей келеді. Патриархаттық жүйеге негізделген Орталық Азия түркілерінің қоғамдағы әйелдің орны туралы бұдан төрт жарым ғасыр бұрын жазылған деректердің мазмұнын саралау бүгінгі түркі әйелдерінің өміріндегі артықшылықтар мен проблемалардың ара жігін ажыратуға, әйел мәртебесінің тарихи-әлеуметтік және рухани-мәдени негіздерін анықтауға ықпалын тигізетін өзекті мәселе. Адамзат әлеміндегі әрбір индивидті даралаушы лингвистикалық таңба – адам есімдері этнос санасында танылған идеялар

жиынтығының сұрыпталған жүйесі. Шағатай жазба мұралары тіліндегі әйел есімдерін саралаудың түркі антропонимдер жүйесінің даму ерекшеліктерін, түркілік қабат пен араб-парсылық қабаттың, түркілік-араб-парсылық аралас қабаттың жігін ажыратуға, түркі дүниетанымындағы әйел концептісінің тілдік бейнесін толықтыруға да ықпал етуі тақырыптың түркі тіл біліміндегі өзектілігін айқындайды. Мақала «Бабырнама» шығармасындағы тілдік деректер негізінде XV-XVI ғасырлардағы әйелдің қоғамдағы орны мен өмір салтын, отбасындағы жағдайын, Мұхаммед Бабырдың әйелдерге деген көзқарасын тарихи-лингвистикалық тұрғыдан саралауға бағытталған.

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеудің материалы ретінде XVI ғасыр мұрасы – «Бабырнама» шығармасы мәтінінің транскрипциясы мен аудармасы және факсимилесі берілген – *The Bābur-nāma in English (Memoirs of Bābur) Translated from the original Turki Text Ẓahirū'd-dīn Muḥammad Bābur Pādshāh Ghāzī* (Beveridge, 1922); Бабу-наме. Записки Бабура (Салье, 1958); Baburname. Babur'un Hatıratı (Arat, 1970); Zahiriddin Muhommad Bobur. Boburnoma (Shamsiyev, 2015: 3-5) еңбектеріндегі лексикалық, синтаксистік, мәнмәтіндік деңгейдегі тілдік деректер алынды.

Зерттеу барысында дәстүрлі сипаттау, жүйелеу әдістері, тарихи-лингвистикалық тәсілдемеге негізделген салыстырмалы-тарихи әдіс, лексика-семантикалық талдау, мәнмәтіндік талдау амалдары; әйел есімдерінен тұратын антропонимдерге қатысты статистикалық талдау тәсілі қолданылды. Сондай-ақ, тілдік бірліктердің мазмұнындағы этно-дүниетанымдық ерекшеліктерді ашу мақсатында лингвофилософиялық тәсілдеме әдістері пайдаланылды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Шығыста орта ғасырдағы мемуарлық әдебиеттің көрнекті туындысы болып табылатын «Бабырнама» еңбегіне деген қызығушылық Бабырдың замандастарынан, яғни XVI ғасырдан басталады. Түркі тілінде сөйлейтіндер ғана емес, басқа халықтар тарапынан да кеңірек оқылсын деген ниетпен сол кездегі шығыстың ортақ әдеби жазба тілі қызметін атқарған парсы тіліне аударылады. Мұхаммед Бабырдың көзі тірісінде, 931 (1524-1525) жылы жазылған ең көне аударма Тегерандағы Салтанат Кітапханасының Бабыр жинағында сақтаулы. Бұл – түркі тіліндегі еңбектің әр сөйлемінің арасына жазылған сөзбе-сөз аударма. Сондай-ақ, еңбекті көпшілікке таныту мақсатында Абдуррахим хан парсы тіліне аударып, 998/1590 жылы император Акбарға сыйлыққа бергені жайлы дерек сақталған (Благова, 1966: 168).

Батыста Мұхаммед Бабырдың еңбегін жұртшылыққа таныстыру мәселесі XVII ғасырдан бастау алады. Шығыстанушылар Б. Эрбело, Н. Витсен еңбектің кейбір бөлімдерін аударады (*"Babur ou Baber"*, Bibliothèque Orientale, ou Dictionnaire Universel contenant généralement tout ce qui regarde la connaissance des peuples de l'Orient, Paris 1697; Noord en Oost Tartarye, ofte bondigh ontwerp van eenige dier landen, en volken, zo als voormaels bekent zyn geweest, Amsterdam 1692; Noord en Oost Tartaryen: behelzende eene Beschryving van verscheidene Tartarsche en Nabuurige Gewesten, in die Noorder Oostelykste

deelen van Azien en Europa, Amsterdam 1785). XIX ғасырдың бірінші жартысында «Бабырнама» шығармасының құндылығы мен маңыздылығының жақсы таныла бастауы оның бірнеше тілге аударылуына жол ашты. 1826 жылы Абдуррахим ханның парсы тіліндегі аудармасы негізінде Дж. Лейден мен У. Эрскиннің ағылшын тіліндегі аудармасы жарияланды (Leyden, Erskine, 1826). Шағатай тіліндегі түпнұсқадан орыс тіліне аударылған алғашқы еңбек Н.И. Ильминскийдің аудармасы (Ильминский, 1857). 1871 жылы Паве-де-Куртейль француз тіліне аударады. Кейінгі жылдары «Бабырнама» ескерткішін аударумен А. Беверидже, Р. Арат, М. Салье, Б.Қожабеков (Қожабеков, 1993), П. Шамсиев (Shamsiyev, 2015) т.б. зерттеушілер айналысты.

Мұхаммед Бабырдың тарихи тұлғасы, шығармаларының түркі жазба әдеби тілдеріндегі орны, ғазалдарының мазмұны, «Бабырнаманың» лингвистикалық, жалпы филологиялық қырларына байланысты пікірлер А.Н. Самойлович, И.В. Стеблева, Г.Ф. Благова, В. Зохилов, С. Азимжонова, С. Мирзаев т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды. Ғалымдардың пікірі бойынша, түркі, жалпы шығыс әдебиетіндегі алғашқы автобиографиялық еңбектің үлгісі болып табылатын «Бабырнаманың» жанры жалпы ислам әдебиетінің ең сирек нұсқасы саналады (Благова, 1966: 168-169).

Түркітануда қалыптасқан дәстүр бойынша «Бабырнама» қарлұқтық тілдік белгілерді сипаттайтын ескі өзбек тілінің үлгісі ретінде қарастырылатыны белгілі (Благова, 1954). Өзбек ғалымдары да Захир ад-дин Мұхаммед Бабырды «классикалық өзбек жазба әдебиетінің өкілі», «Бабырнаманың» тілін «ескі өзбек тілінің төл үлгісі» деп таниды (Shamsiyev, 2015: 3-5). Түркі тіл біліміндегі мұндай бір жақты көзқарасты «Бабырнама» ескерткішінің мазмұны мен Орталық Азияны мекендейтін түркі халықтарының тарихы, жазба мұраның тілдік ерекшеліктеріндегі қарлұқтық-қыпшақтық белгілер теріске шығарады.

«Бабырнама» мәтінінің функционалдық-стилистикалық қырлары, мәтін жасаудағы тілдік қолданыстар зерттеліп, «автор – мәтін – адресат» қатынастар жүйесін шағатай жазба тілі стилі дамуының категориясы тұрғысынан қарастырылды (Благова, 1994: 301-302), автордың тілдік тұлғасы жайлы пайымдаулар Мұхаммед Бабырдың Орталық Азия түркілеріне ортақ тарихи тұлға екенін, тілі де осы өңірді мекендейтін барлық түркі халықтарының жазба тілінің XVI ғасырдағы қалып-күйін сипаттайтынын дәйектейді. «Бабырнама» тілі мен қазақ тілі арасындағы сабақтастықтың зерттелуі өз деңгейінде емес, ал «Бабырнама» мәтініндегі хан-сұлтандардың аналары мен әйелдері, әпке-қарындастары мен қыздары туралы деректерді саралау жалпы түркітану ғылымында әлі зерттеу нысанына алынбаған мәселе.

Талдау

Түркі мәдениетіндегі әйелге деген құрмет жалпытүркілік мифологиялық дүниетанымның негізгі ұғымдарының бірі – Ұмай культінен бастау алады. Көне түркі ескерткіштері тілдік деректері Ұмай культінің VII-IX ғасыр түркілері танымында ерекше орын алған қасиетті ұғымдардың бірі екенін көрсетеді. Дүниеге ақылды да ержүрек ұл әкелген хан әйелдерін түркілер Ұмайға теңегені белгілі, мысалы: On jašta Umaj teg ögim qatun qutıña, inim Kültegin er at boltı КТү.31 «Он жаста Ұмай тектес шешем қатынның бағына (құтына) інім Күлтегін ер атанды» (Айдаров, 1995: 177). Адамзаттың өсіп-өнуінің

пірі, шаңырақтың ұйтқысы, отбасының қорғаушысы саналған Ұмай ұрпақты аман-есен дүниеге келтіреді, сәбиді ауру-сырқаудан, көз, тіл тиюден қорғайды деп сенген көне түркілер Ұмайды қасиетті Әйел-Ана деңгейінде таниды. Ұмайды грек аңыздарындағы Афродитамен, авесталық Ардвисура Анахитамен байланыстырушы көзқарастар да бар (Кондыбай, 2005: 230). Зерттеушілер көне түркілер дүниетанымындағы Ұмай анаға деген үлкен құрмет «Тәңірі мен Ұмай арасындағы жұбайлық сипаттағы (божественная супружеская чета) қарым-қатынас жайлы мифтер негізінде қалыптасқан» деген қорытындыға келеді (Кляшторный, 1981: 133). Көне түркілер дүниетанымындағы Ұмай анаға деген үлкен құрметтің қалыптасуына «Жер-Ана мен Ұмай-Ана» параллелінің ортақ функционалдық қызметін сипаттайтын – адамзаттың өсіп-өнуіне жағдай тудырушы киелер туралы аңыздар негіз болуы да мүмкін. Түркілер танымы бойынша жоғарғы әлемдегі адамзаттың өсіп-өнуін қадағалайтын Ұмай-Ана болса, төменгі әлемдегі тіршіліктің жалғасуын Жер-Ана қамтамасыз етеді (Ескеева, 2011: 204).

Этнографиялық зерттеулер дерегі Ұмай культінің ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының да, ислам дінін қабылдамаған, басқа діндегі түркі халықтарының да дүниетанымында әлі де кеңінен орын алғанын көрсетеді. Бұл жалпытүркілік дүниетанымның тұрақтылығын, діни құндылықтарға тәуелсіздігін айқындайды. Сондықтан ата-бабалардан жалғасып келе жатқан әйелге деген құрмет пен қоғамдағы әйел орнының маңызын сипаттайтын деректердің XVI ғасыр мұрасы «Бабырнама» мәтінінде де сақталуы да ұрпақ сабақтастығының көрінісі болып табылады.

Бабыр әулеті әйелдерінің шыққан тегі. Түркі халықтарының әйелге деген құрметі қазақ тіліндегі «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген мақалдың мазмұнынан айқын аңғарылады. Сондықтан түркі халықтары хан-сұлтандардың, жалпы ер-жігіттің анасының шыққан тегіне айырықша мән береді. Хан-сұлтандардың ұлдарына текті жерден қыз айттыруы басты талаптардың бірі болды.

Бабыр жазбаларында хандар мен сұлтандардың аналарының шыққан тегін тәптіштеп жазып отыруы түркілердің қалыптасқан дәстүрін сипаттайды. Мысалы, Омар Шейхтың (Бабурдың өз әкесі) әйелдері және ұлдарының аналары туралы бөлімдерде өз анасы туралы: *Bari oğlanlarıdın uluq mên, Zahîrüddîn Muhammed Bâbur êdim; Anam Qutluq Nigâr Hânım êdi...* *بارى اوغلانلاريدين اولوق مين ظهير الدين محمد بابير ايديم. انام قتق نكار خانيم ايدي* Бн. 9a «Ұлдардың ішінде ең үлкені мен Захиреддин Мұхаммед Бабыр едім, анам Құтлық Нигар ханым еді» деген деректер келтіріледі. Тіпті нағашысы Юнус ханның анасы туралы да мәлімет беріледі: *Yünus Hân'nuñ anası Türkistânlik Kıpçak bégleridin Têmür Bêg ri'âyet kılğan Şeyh Nüreddîn Bêg'nin kızı yâ nebîrêsi bolur. يونس خان نيك اناسى تركستان ليق قپچاق بيكلاريدين تيمور بيك رعایت قيلغان شيخ نور الدين نيك قیزی يا نابيراسی بولور* Бн. 9b «Юнус ханның анасы түркістандық қыпшақ бектерінен және Тимур бектің қорғауында болған Нұр ад-дин бектің қызы немесе немересі еді» (Arat, 1970). Сондай-ақ, бауыры Жахангирдің анасы туралы: *Yana bir oğul Cihāngir Mîrzâ êdi, mênidin iki yaş kiçik êdi. Anası Moğul'nuñ tûmen bégleridin êrdis, Fâtuma Sultân atlık. ينه بر اوغول جهانگیر ميرزا ايدي ميندين ايكي ياش كيچك ايدي اناسى مغول نيك تومان پكلاردين ايردى* Бн. 9a «Тағы бір ұлы менен екі жас кіші Джихангир мырза еді, оның анасы моңғолдардың түмен бектерінен Фатима Сұлтан еді». Сұлтан Абу Саид мирзаның анасы жайлы: *Anası Ordu Buğa Tarhan'nuñ kızı Derviş Muhammed Tarhan'nuñ egeçisi êdi. Mîrzânuñ âtibârlık hatunı êdi. اناسى اوردو بوغا ترخان نيك فيزی درویش محمد ترخان نيك ايكچيسى ايدي. ميرزانيك اعتبارليق خاتونى ايدي* Бн. »; Сұлтан «Анасы Орда Бұға Тарханның қызы, Мұхаммед Тарханның әпкесі,

мырзаның қадірлі әйелі еді»; Сұлтан Масуд мырзаның анасы туралы: *anası Mir Büzürg Tirmizî'niñ kıızı edı*. اناسی میر بزرگ ترمذی نیک قیزی ایدی. Бн, 27a «Анасы Ханзада Бегім Мир Бүзүрг Термизидің қызы еді»; Байсұңқар мырзаның анасы жайлы: *Onası Peşe Bëgim edı* اناسی پشه بیکم ایدی. Бн. 27a «Анасы Паша Бегім еді»; Сұлтан Хүсейн мырзаның шешесі туралы: *anası Hwānzāde Bëgim, Mir Büzürg'niñ nebiresi edı* اناسی خوانزاده بیکم میر بزرگ نیک نبیره سی ایدی. Бн. 27a «Оның анасы Мир Бүзүргинің немересі Ханзада Бегім еді»; Сұлтан Уәйс мырзаның шешесі туралы: *anası Yūnus Hān'niñ kıızı mēniñ anamniñ Siñli Sultān Nigār Hānum edı*. اناسی یونس خان نیک قیزی منیک انام نیک سیکی سلطان نکار خانیم ایدی. «оның анасы Сұлтан Нигар ханым еді, Жүніс ханның қызы, менің анамның сіңлісі» деген мәліметтер келтіреді (Shamsiyev, 2015: 48). Бұл деректер түркі хан-сұлтандарының жар таңдауға ерекше маңыз бергенін сипаттайды. Бабыр заманындағы «ақылды, тәрбиелі анадан ақылды перзент дүниеге келеді» деген идеяға негізделген принцип қазақ тіліндегі «Үйдің жақсысы ағашынан, жігіттің жақсысы нағашыдан», «Жақсы жігіттің нағашысын сұра», «Жақсылық та, жамандық та – жатырдан» деген мақалдардың паремиосемантикалық уәжіне де негіз болып тұр.

Әйел әдеби мен құқығы. Өмірде әртүрлі жағдай болады, кейде текті жерден алған әйел де ерсі қылықтар көрсетуі мүмкін. «Бабырнама» мәтінінен мұндай деректерді де кездестіруге болады. Мысалы, Сұлтан Ахмед мырзаның сүйікті әйелдерінің бірі жайлы: *ينه بیر قت قبیکم ایدی اوشبو ترخان بیکم نیک کولداشی ایدی سلطان احمد میرزا عاشق لبق لار بیله آلیب ایدی اسرو کوب سیوکولوک ایدی وکوب مسلط ایدی چاغر ایچار ایدی انیک تیرکلیکی دا سلطان احمد میرزا اوزکا حرم غهب ارماس ایدی اخر* Бн, 20b *Yana bir kütük Bëgim edı. Uşbu Tarhan Bëgim'niñ kökeldaşı edı. Sultān Aḥmed Mirzā 'aşıklıklar bile alıp edı. Asru köp sevgülüğ edı ve köp musallat edı. Cağır içer edı. Aniñ tiriglikide Sultān Aḥmed Mirzā özge ḥaremğa barmas edı. Āḥır öltür dive bednāmıgđin , ḥalāş boldı* (Beveridge, 1922); «Енді біреуі Кутук/Катак Бегім еді, Тархан Бегімнің сүт бауыры. Сұлтан Ахмет мырза оған ғашық болып үйленген және қатты жақсы көрген еді. Ол үлкен билікке ие еді, шарап ішетін еді. Ол тірі кезінде Сұлтан Ахмет мырза басқаларға бармайтын еді. Соңында оны өлтіріп жаман аттан құтылды» деген мәлімет беріледі. Бұл ер азамат үшін әйелінің әдепсіз қылықтары үлкен сын екенін көрсетеді.

Бабыр жазбаларынан хан-сұлтандар әйелдерінің еркіндігін сипаттайтын деректер жиі кездеседі. Бабыр өз әйелдерінің бірі – Сұлтан Ахмед мырзаның қызы туралы былай деп жазады: *اوچونچی قیزی عایشه سلطان بکیم ایدی بیش یاشیمدا سمرقندغه کیلکاندا مکا قویوب ایدیلا سوکرا قزاق لبق لاردہ : خجند قه کیلادی آلیب ایدی سمرقندنی اکینچی نوبت آغانده بیر کینه قیزی بولوب ایدی نچه کوندین سونک تینکری رحمتی غه باردی تاشقند بوزو غلوی دین بورونراق ایکاچی سی نیک اینکزی بیله میندین چیققی* Бн. 20a *Üçünçi kız 'Āyīşe Sultān Bëgim edı. Bëş yaşımda Semerkand'ğa kēlgende maña koyup ediler. Soñra qazaqlıklarda Hocend'ka kēldi. Alıp edim. Semerkand'nu ikinçi nevbet alğanda bir kine kıızı bolup edı. Neçe kündin soñ Tēñri rahmetiğa bardı. Taşkend bozuğluğidin burunraq egeçisiniñ engizi bile mēndin çıktı* «Үшінші қызы – Айша Сұлтан бегім. Мен бес жасымда Самарқанға келгенде маған айттырылған еді. Кейін қазақтық кезеңінде ол Хожантқа келіп, мен оған үйлендім. Мен екінші рет Самарқанды алғанда оның жалғыз қызы дүниеге келді; бірнеше күннен кейін ол қыз дүниеден өтті. Ташкенттегі жеңіліске дейін Айша Сұлтан бегім әпкесінің қолдауымен менен ажырасып кетті» (Салье, 1958: 30). Бұл Бабыр заманындағы хан әйелдерінің (хан тұқымынан

шыққан) өз еркімен ажыраса алатын құқығы болғанын дәйектейді. Сондай-ақ, күйеуі қайтыс болғаннан кейін де әйелдердің төркініне кетіп қалу хұқы болғанын аңғарамыз, мысалы: *سلطان محمود ميرزا اولكاندين سوكن اوغلى نى أليپ حج كيمكا خبر قلمای تاشقندكأغا لارىغه* *باريپ ايدى بيرنچه يل دين سونك اديك سلطان غه كيم جنكيز خان نيك اولوق اوغلى جوجى نسلى قزاق سلطان لارين دور* *Бн. 12a Sultān Maḥmūd Mirzā ölgendin soñ oğlını alıp hiç kime ḡaber kılmay Taşkend'ke ağalarğa barıp edi. Bir neçe yıldın soñ Adik Sultān Sultān'ğa, kim Çiñgiz Hān'niñ uluḡ oğlu Cuci nesli Qazaḡ sultānlarındur, bērdiler. Adik Sultān'dın soñ Qazaḡ ulusınıñ ḡanı Kāsım Hān aldı* «Сұлтан Махмұд мырзаның өлімінен кейін Сұлтан Нигар ханым баласын алып, ешкімге хабар бермей Ташкентке ағаларына барған еді. Бірнеше жылдан кейін оны қазақ сұлтандарынан Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының ұрпағы Әдік сұлтанға берді. Әдік сұлтаннан кейін қазақ ұлысының ханы Қасым хан алды» (Салье, 1958: 31).

Қалыптасқан шығыс дәстүрі бойынша моғол хандары да гарем ұстағаны, текті жерден арнайы айттырып алған әйелдерімен қатар тұтқын әйелдері де болғаны, олардан туған ұлдар да сұлтан мәртебесін иеленіп, басқа балалармен бірдей тең құқылы мұрагер болатыны жайлы да деректер сақталған: *اوغول ناصر ميرزا ايدى اناسى اندجانلىغ ايدى غنچه چى ايردى اميد اتلىق ينه بر* *Бн. 9a Yana bir oğul Nāṣir Mirzā edi. Anası Andicānliḡ edi, ḡunçaçi érđi, Ümid atlık* «Нәсір мырзаның тағы бір ұлы бар. Оның анасы әндіжандық Үміт атты күң (олжаға түскен) еді» (Shamsiyev, 2015: 18-19); Сұлтан Махмұд мырзаның бір ұлының анасы туралы *اوزبك ايدى غومه ايدى ينه بر اوغول سلطان على ميرزل ايدى اناسى زهره بكيم اغا ايدى* *Бн. 27a Yana bir oğul Sultān Ali Mirzā edi. Anası Zuhra Bēḡim Ağa edi, Özbēk edi, ḡuma edi* «Енді бір ұлы Сұлтан Әли мырза еді. Оның анасы Зухра бегім еді, өзбек еді, олжаға түскен күң еді» (Салье, 1958: 40).

Түркілер дәстүрі бойынша ата-ана қыз баланың тәрбиесіне, болашақ тағдырына үлкен жауапкершілікпен қарайды. Себебі қыз – болашақ жар, болашақ келін, болашақ ана. Немере қыздарының тәрбиесіне әжелер де ерекше мән береді. Бабыр өзінің қарындастарын тәрбиелеуде әжесінің де ат салысқанын жазады, мысалы: *Yādigār Sultān Bēḡim'ni mēniñ uluḡ anam Ėsen Devlet Bēḡim saḡlap edi* *Бн.9a* (Shamsiyev, 2015: 20; Салье, 1958: 19; Mukherjee, 2001: 116). «Ядгар Сұлтан бегімді менің әжем Есен Дәулет бегім тәрбиелеген еді».

Тарихи шежіреде хан-сұлтандардан тараған қыздардың қай әйелінен туғаны, кімге ұзатылғаны, олардан туылған ұл-қыздар, жаугершілік жағдайдағы тағдыры жайлы мәліметтер де кеңінен қамтылады. Мысалы, Сұлтан Ахмед мырзаның қыздары туралы мынадай деректер жазылған: *ايكي اوغلى بولوب ايدى كيچك ليكى دا قالمادى بيش قيزى بار ايدى تورتي قيق بيكم* *دين باريدين اولوق رابعه سلطان بيكم ايدى قرا كوز بيكم ديرلار ايدى سلطان محمود خان غه اوزى حياتى دا چيقاريپ ايدى* *خاندین بر اوغلى بولو بدی بابا خان اتلیق خیلی مقبول غینه اوغلان ايدى اوزبك لار خان نى خجند ته شهيد قيلغاندا نى و نه*

Бн. 19b, 20a İki oğul bolup edi. Kiçiklikide qalmadı. Bēṣ kızı bar edi, tōrti Qutluḡ Bēḡim'din. Barıdın uluḡ Rābi'a Sultān Bēḡim edi, Qarakōz Bēḡim dērler edi. Sultān Maḥmūd Hānğa özi ḡayātıda ııkarıp edi. Hāndın bir oğlu bolup edi, Bābā Hān atlık. ḡayli makbulḡına oḡlan edi. Özbekler ḡānni Hocend'te şehid kılḡanda anı ve yana andak neçe nāresideni žāyi' kıldılar. Sultān Maḥmūd Hān'niñ vāḡi'asıdın soñ Cāni Bēḡ Sultān aldı (Shamsiyev, 2015: 30) «Екі ұлы бар еді,

кішкентай кездерінде дүниеден өтті. Бес қызы бар еді, төртеуі Кутук/Катак бегімнен. Ең үлкені Рабия Сұлтан, Қаракөз Сұлтан деп атайтын. Көзі тірісінде Сұлтан Махмұд ханға берген еді. Ханнан Бабахан атты бір ұлды болды, өте өнегелі бала еді. Өзбектер Хожантта ханды өлтірген кезде Бабахан мен ол сияқты тағы бірнеше жасөспірімді өлтірген еді. Махмұд ханның өлімінен кейін Рабия Сұлтан Жәнібек сұлтанға берілген еді». Шежіре мәтініндегі әулеттен тараған қыздар мен олардан туған жиендер туралы толыққанды мәлімет беретін сөйлемдер мен мәтіндер де «әйелге құрмет» идеясының тілдік репрезентациясы қызметін атқарады.

Әйел және саясат. Түркі халықтары тарихында әйелдің саясат пен ел басқару ісіне де араласқаны белгілі. Бабырдың жазбаларынан да әйел бейресми болса да, саясатта едәуір ықпалды орын алғанын көруге болады. Ескерткіш мәтініндегі Бабырдың өзі өте жақсы көрген әрі аса құрметтеген әжесінің көмегімен қиын жағдайлардан шығуы, оның кеңестеріне сүйене отырып саяси шешімдер қабылдауы туралы деректердің сақталуы әйелдің ел басқару ісіндегі, сыртқы, ішкі саясаттағы бейресми, бірақ ықпалды рөлін айқын көрсететін мысалдардың бірі. Мұхаммед Бабыр өзінің естеліктерінде әжесі Есен Дәулет бегімді бірнеше рет құрметпен еске алады. Ескерткіш мәтінінде Есен Дәулет бегім – қайратты, шешен, саяси жағдайларда бастама көтере алатын, немересі Бабырға ықпалы зор әйел ретінде көрініс табады. Қайсар мінезді, ақылды Есен Дәулет бегім немересі Бабыр үшін де батыл шешімдерге барғаны сипатталады (Gülbeden, 1987: 124).

Әйелдің дипломатия мен саясаттағы орнын айқындайтын деректердің бірі – құдандалық дәстүрі. Ескерткіш тілінен мемлекеттік құрылымдар арасындағы, әулеттер арасындағы қарым-қатынасты жақсарту немесе нығайту, одақ құру немесе жаулықты тоқтату мақсатында қыз алысып, қыз берісу кеңінен көрініс табады. Бұл некенің белгілі бір дәрежеде саяси-дипломатиялық институт қызметін атқарғанын сипаттайды. Мәселен, Бабырдың ата-анасының некесі де дәл осындай саяси мақсатпен жүзеге асқан. Төменде келтірілетін Бабырнама үзінділерінен неке институтының әскери және саяси күшке ие болу, бейбітшілік орнату немесе қарым-қатынасты дамыту құралы ретінде қолданылғанын көруге болады:

مغولستان دا اسين سلطان أبو سعيد ميرزا تخت الغاندا چريك تارتيب باريب ينك دين ناری اسبره دا
 بوغا خان نی یخشی بستی مونینك فتنه سی نيك دفعی غه سلطان أبو سعيد مرزا یونس خان نی بو مناسب تبيله کیم عبد العزیز
 میرزا الغان ایکاجی سی خانیم الیب ایدی عراق وخراسان دین تیلاب طوی لار قلیب
 Бн. 10 b *Sultān Ebū Sa'id*
Murzā taht alganda çerig tartıp barıp Yangi'dın nari Aspara'da Moğulistān' da Ėsen Buğa Hān'nu
yaḥşı bastı. Munıñ fitnesiniñ defūğa Sultān Ebū Sa'id Murzā Yūnus Hān'nu bu münāsebet bile kim
'Abdu'1 'Aziz Murzā alğan egeçisi Hānim'ni alıp edi, 'Irāk ve Horāsān'dın tilep toylar kılıp dostlar
bolup «Сұлтан Абу Саид Мырза таққа отырған кезде Есен Бұға ханға қарсы әскерді басқарған еді... Бұл аласапыранды тоқтату үшін Сұлтан Абу Саид Мырза осыған дейін Абдулатиф Мырзаның әйелі болған (Юнус ханның) әпкесі Ханымға үйленіп... Той жасап достасқан еді» (Shamsiyeu, 2015: 20; Салье, 1958: 22).

«Бабырнама» мәтініндегі әйелдің саяси-дипломатиялық қатынастардағы орнын сипаттайтын тілдік бірліктердің мазмұны «Әйел – ел мен елді табыстырушы, араздықты бітістіруші, жауласқан елді дәнекерлеуші» идеясын сипаттайды.

Нәтижелер

Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр «Бабырнама» мәтінінің мазмұнындағы түркі әйелінің қоғамдағы рөлі мәдени дәстүрлер мен рухани-адамгершілік құндылықтарды сақтаушы, оны ұрпақ бойына сіңіруші қызметтері арқылы сипатталады. Шежіре тіліндегі әйел бейнесінің лексемалық деңгейдегі тілдік репрезентациясын негізінен әйел есімдерінен тұратын антропонимдер құрайды.

«Бабырнама» ескерткіші мәтінінде кездесетін әйел есімдері. «Бабырнама» ескерткіші мәтінінде 62 әйел адамның есімдері аталады: Кутлук Нигар ханум *Qutluq Nigār Hānum* قۇتقۇ نىگار خانىم Бн. 8b; Фатима Султан *Fātima Sultān* فاطمه سلطان Бн. 8b; Ханзада биким *Hānzāde Bēgim* خوانزاده بکیم Бн. 8b; Михр Бану биким *Mihr Bānū Bēgim* مهر بانو بکیم Бн. 9a; *Şah Begim Şāh Bēgim* شاخ بکیم Бн.10b; Ядгар Султан биким *Yādgār Sultān Hānum* يدگار سلطان خانىم Бн. 9a; Аға бегім *Ağa Bēgim* آغه بکیم Бн.168a; Рукайя Султан биким *Ruķiyue Sultān Bēgim* رقيه سلطان بکیم Бн. 9a; Исан Даулат биким *İsen Devlet Bēgim* ايسن دولت بکیم Бн. 157a; Салиха Султан биким *Şālīha Sultān Bēgim* صالحه سلطان بکیم (20a), Айша Султан биким *‘Āyīşe Sultān Bēgim* عايشه سلطان بکیم Бн. 20a; Ак биким *Aķ Bēgim* اق بکیم Бн.168a; Кара Куз биким *Qara Kōz Bēgim* كوز بکیم Бн. 168a; Мухиб Султан *Muhib Sultān* محب سلطان Бн. 28a т.б. (Салье, 1958: 483-512). Антропонимдік аталым уәждері түркілік мәдениет пен ислами мәдениеттің сабақтастығына негізделіп, түркі халықтарының әйел болмысы жайлы пайым-түсініктерінің жиынтығын сипаттайды.

Негізгі мәліметтер хан-сұлтандардың әйелдеріне, әпке-қарындастары мен қыздарына қатысты болғандықтан антропонимдер бегім, ханым, сұлтан сияқты титулалық лексемалардың тіркесуі арқылы жасалған. Бабыр жазбаларындағы әйел есімдерінің бір бөлігін таза түркілік антропонимдер (Ақ бегім, Қара Көз бегім, Құтлұқ ханым, Қатақ бегім, Улус аға), негізгі бөлігін түркі және араб-парсы лексемаларынан тұратын аралас антропонимдер (Құтлұқ Нигар ханым, Есен Дәулет бегім, Салиха Сұлтан бегім, Рукайя Сұлтан бегім т.б.) құрайды. «Бабырнама» тіліндегі әйел бейнесін сипаттайтын антропонимдердің жалпы этномәдени мазмұны «сұлу, әдемі, көркем», «сымбатты», «нәзік» «ақылды», «парасатты», «батыл», «сабырлы», «бақытты», «ырысты, құтты», «мейірімді», «қамқор» т.б. мәндерден тұрады.

«Бабырнама» тіліндегі таза түркілік және түркі-араб-парсылық есімдерді тудыратын жиі қолданылатын антропокомпоненттердің бірі – *bēgim*/бегім лексемасы. Титулалық лексеманың түбірі – билеуші тап өкілдеріне, қағанның туыстары мен балаларына тән титулалық лексема *beg* «бек, ханзада, басшы»: *toquz oғuz begleri, budunī KТү.* 34 «тоғыз оғыз бектері, халқы ...» (Айдаров, 1995: 168) ~ қаз., ноғ., құм., ққалп. *bek*. Жалпы түркі тілдеріндегі *bek* ≈ *beg* ≈ *bej* ≈ *bij* сөзінің ерекшелігі ретінде гендерлік негізде жіктелуін айтуға болады: бек → бегім, би → бике, бикеш, бибі, бүбі. Түркі тілдеріндегі -м/-ым/-ім/-им, -ум/-үм қосымшасы антропонимжасамда белсенді түрде қолданылады: Ханым, Айым, Гүлім т.б.

Ескерткіш тіліндегі *bēgim* сөзі арқылы жасалған антропонимдердің екінші сыңарын құрайтын лексемалар қатарында жалпытүркілік дүниетанымда көпмағыналылығымен, символдық-сакралды мәнімен ерекшеленетін түр-түс атаулары да жиі кездеседі: *Aķ Bēgim* اق بکیم Бн.168a антропонимі құрамындағы *aķ* лексемасының мазмұнындағы түске қатысты негізгі семантикадан туындаған «тазалық, пәктік», «сұлулық», «мейірімділік»,

«әділдік», «қасиеттілік» семалары *bəgim* сөзінің мазмұнындағы «тектілік», «әдептілік», «ақсүйектік», «мәдениеттілік» семаларымен сабақтаса отырып, хан-сұлтан әулетінен шыққан әйелдерге қойылатын басты талаптардан туындайтын ата-ананың арман-тілегінің жиынтығын құрайды әрі антропонимнің аталымдық-семантикалық уәжін айқындайды. *Qara Kōz Bəgim* قارا كوز بگيم Бн. 168а антропонимдерінің бірінші сыңарын құрайтын *Qara kōz*/Қаракөз тіркесі қазіргі қазақ антропонимдер жүйесінде дербес есім ретінде кеңінен қолданылады. Этномәдени мазмұнында тура мағынасынан басқа «қасиетті, киелі», «қастерлі», «ұлы, үлкен», «қалың», «қою», «қарапайым көпшілік», «тұңғыық», «терең», «қасірет», «қайғы» т.б. мәндерін сақтаған *qara* лексемасының «мөлдір, тұңғыық, үлкен» семалары *kōz* сөзінің денотаттық мағынасына, яғни соматикалық атауға ерекше белгілер үстемелеп («ерекше әдемі көз», «қап-қара тұңғыық көз», «аялы көз»), антропонимінің семантикалық уәжін сипаттайды.

«Бабырнама» мәтінінде кездесетін түркі-парсылық аралас антропонимдердің бірі – *Qutluq Nigār Hānum* قتق نكار خانيم Бн. 8b. Антропонимнің бірінші сыңары – *Qutluq*/Құтты. Түбірі – *qut* «құт, бақ-береке, ырыс-несібе»: *Anta kisre teñri jarilqazu qutim bar üçin KTy.* 29 «Содан кейін тәңірі жарылқаған бағым бар үшін» (Айдаров, 1995: 177) ~ қаз., ққалп., ноғ. *qut*. Түркі халықтарының мифологиялық танымында құт ұшу қабілетіне ие рух ретінде танылады, үйге, отбасына, жеке адамға ырыс-несібе, береке-бақыт дарытушы кие. Түркі тілдеріндегі есім сөз тудырушы *-лық/лік*(*-дық/-дік, -тық/-тік*), *-луқ/-лүк, -луг/-лүг* морфемасы белсенді жұрнақтар қатарынан орын алады. Қазақ тілінде құтты (құт + ты) тұлғасында қалыптасқан сөз қазақ есімдері құрамында де кездеседі: Құттыбай, Құттыбек, Құттыбала, Құттықыз т.б. Антропонимнің екінші сыңары – *Nigār*/Нигар антропонимі парсы тіліндегі «сурет, бейне» мағынасын беретін نگار сөзімен байланыстыра қарастырылады, яғни негізгі мәні – «сурет сияқты әдемі, сұлу, мінсіз». Күрделі антропонимнің үшінші сыңары – *hānum*/ханым «ханның әйелі, ханның анасы» титулалық лексемасы Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың анасы, Жүсіп ханның қызы – Құтлық Нигярдың тегі мен мәртебесіне сәйкес, бойжетіп, тұрмысқа шыққаннан кейін қосылған сияқты. Есімнің этномәзмұны «текті», «ырыс-несібелі, құтты», «сұлу», «мәртебелі», «ханның анасы, ханның әйелі» семаларының жиынтығынан тұрады.

Мұхаммед Бабыр заманындағы әйелдердің қоғамдағы рөлі және «әйелге құрмет» идеясы. Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы Мұхаммед Бабырдың жазбалары – тек саяси оқиғалардың жылнамасы немесе әулеттің генеалогиялық шежіресі ғана емес, сонымен бірге оның жеке тұлғалық қасиеттерін, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын, әйелдерге деген көзқарасын сипаттайтын маңызды тарихи-лингвистикалық мұра. Мұхаммед Бабырдың әйелдер жайлы ақпараты XV-XVI ғасырларда Орталық Азияны мекендеген түркі әйелдерінің тұрмыс-тіршілігі мен қоғамдағы орнын айқындайды.

Мұхаммед Бабыр өз айналасындағы әйелдер туралы барлық мәліметтерді – олардың шежірелік тегін, бастан кешкен оқиғаларын толық жазу арқылы әйелдің бала тәрбиесіндегі, қоғамдағы орнын көрсетуді мақсат еткенін, әйелдерге мейірімділікпен, құрметпен қарауды, сүйген жарға адал болуды үндейді. «Бабырнама» тіліндегі әйел бейнесінің синтаксистік және мәнмәтіндік деңгейдегі тілдік бірліктерінің этномәдени және этнотанымдық мазмұны бойынша: әйел – адамзат тіршілігінің негізі, ұрпақ болашағын айқындайтын өмір айнасы, қоғамның қозғаушы күші, сұлулық пен даналықтың, бірлік пен берекенің ұйтқысы, мейірім мен шапағат көзі; әйел – ана, ақылшы, тәрбиеші, шаңырақтың береке-ырысы.

Бабыр жазбаларында инаугурация кезінде ханды ақ киізге әйелімен бірге отырғызу дәстүрі де болғаны суреттеледі: *يونس خان انيك قیزی ایسن دولت بکیم نی الی مغول تورا سی بیله خان نی* *Бн. 10b Yūnus Hān Anıñ kızı Ėsen Devlet Bėgim'ni aldı. Moğul töresi bile hānnı ve Ėsen Devlet Bėgim'ni bir aq kiyiz üstige olтурғузup hān köterdiler* (Салье, 1958: 31) «Юнус хан оның қызы Есен Дәулет бегімге үйленеді. Моғол дәстүрі бойынша үйлену рәсімі өткізіліп, Жүніс хан мен Есен Дәулет бегім ақ киізге көтеріліп, хан етіп жарияланады. Бұл түркі қоғамындағы ханның әйеліне деген үлкен құрметті, қоғамдағы әйел орнының маңыздылығын сипаттайды.

«Бабырнама» мәтінінде жаңа түскен келіннің бетін ашу дәстүрі жайлы мәліметтер де сақталған, мысалы: *ينه برخانزاده بکیم ایدی ترمز خانزاده لاری دین ایدی مین سمرقندغه بیش یاشیم دا سلطان احمد میرزا قاشیغه کیلکان فرصت ته آلیب ایدی هنوز یوز یاپوғы بار ایدی ترکانه رسم بیله منکا بویوردی لار من یوزینی* *Бн. 20b Yana bir Hānzāde Bėgim ėdi. Tirmiz hānzāderidin ėdi. Mėn Semerқand'ga bėş yaşımda Sultān Aḥmed Mırzā қаşıға келген furşatta alıp ėdi. Henüz yüz yapuğı bar ėdi. Türkāne resm bile maña buyurdılar, mėn yüzini açtum.* (Shamsiyev, 2015: 37; Салье, 1958: 31) «Тағы бір әйелі Термез ханзадаларынан шыққан Ханзада Бегім еді. Мен бес жасымда Самарқанға келгенде ол енді үйленген еді, әлі беті ашылмаған еді. Түрік дәстүрі бойынша бетін ашу маған бұйырды». Беташар дәстүрі де түркі мәдениетіндегі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан жаңа түскен жас келінге көрсетілетін үлкен құрмет.

Әйел-ана ұл тәрбиелей отырып, ел мен жер иесін тәрбиелейді, қыз тәрбиелей отырып тұтас ұлтты тәрбиелейді. Бабыр заманындағы сүйікті жар, ардақты ана, ибалы қыз, инабатты келін, қамқор әпке-қарындас, дана әже ұғымдарының жиынтығынан тұратын әйел бейнесі қазіргі түркі халықтарының дәстүрлі рухани мәдениетіндегі әйел бейнесінің өзегін құрайды.

Қорытынды

«Бабырнама» – шағатай жазба әдеби тілінде жазылған түркі халықтарының аса құнды тарихи-лингвистикалық мұрасы. Тарихи шежіреде XV-XVI ғасырлардағы қазақ хандары жайлы деректердің сақталуы, әйелдердің қоғамдағы орнын сипаттайтын салт-дәстүрлердің қазіргі қазақ мәдениетімен ұштасып жатуы, тіліндегі қарлұқтық белгілермен қатар, қазақ тіліне тән қыпшақтық белгілердің молынан қолданылуы, әйел есімін білдіретін таза түркілік антропонимдердің немесе олардың компоненттерінің қазақ тілі антропонимдер жүйесінде белсенді қолданыста болуы (Қаракөз, Ақбике, Ақбегім, Бегім т.б.) «Бабырнама» ескерткішін ескі қазақ жазба тілінің де үлгісі ретінде қарастыруға толық мүмкіндік береді.

Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың дәстүрлі мәдениетті өзге мәдениеттердің ықпалынан сақтауға, түркілік дүниетанымды насихаттауға, түркілердің тарихи шежіресін келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған шығармасынан әйелдің қоғамдағы рөлі мен әйел құқығы, отбасы мен бала тәрбиесіндегі орны, қыз баланың тәрбиесі, әйелдің әдеби т.б. мәселелер де орын алады. Тілдік деректердің мазмұны Мұхаммед Бабырдың әйелдерге аса құрметпен, мейірімділікпен, қателіктеріне кешіріммен қарағанын көрсетеді. Жазба мұра тіліндегі әйелге қатысты тілдік бірліктер лексемалық, синтаксистік және мәнмәтіндік деңгейлерді қамти отырып, XV-XVI ғасырларда Орталық

Азияны мекендеген түркі халықтарының дүниетанымындағы әйел болмысы жайлы тұжырымдамалық ойды сипаттайды.

Әйелдердің құқықтық еркіндігі мен билікке ықпалы, кей жағдайларда жаугершілікте олжаға түскен күндерге бостандық берілуі, күйеуінен ажырасу құқығының болуы XV-XVI ғасырларда Орталық Азияны мекендеген түркі халықтары белгілі бір дәрежеде ізгілік пен гендерлік теңдікке негізделген қоғамдық-әлеуметтік орта қалыптастырғанын көрсетеді. Саяси-дипломатиялық немесе әулетаралық қарым-қатынастарды ретке келтірудің негізгі тетігі ретінде құдандалық, қыз беріп-қыз алысу дәстүрі кеңінен таралғанын; жаугершілік кезінде қыз-келіншектердің олжаға түсіп, өзі қаламаған адамдарға «сый» ретінде ұсынылғанын, әмеңгерлік салттың қолданыста болғанын тілдік деректер дәйектейді. Сондай-ақ, Бабыр заманындағы әйелдердің жеке өміріндегі мұндай қиындықтар мен қайшылықтар әйелдің ақыл-парасатына сәйкес реттеліп, олардың үлкен құрметке ие болғанын да «Бабырнама» тіліндегі әйелге қатысты тілдік репрезентацияның этномәдени мазмұны айқындайды.

XV-XVI ғасырларда шағатай жазба тілінде жазылған түркі мұрасы «Бабырнама» ескерткіші мәтініндегі әйел бейнесін сипаттайтын лексемалық деңгейдегі тілдік репрезентанттар арқылы әйел есімдерінің аталымдық-семантикалық уәжі анықталды; синтаксистік және мәнмәтіндік деңгейдегі тілдік репрезентанттар мазмұны негізінде хан-сұлтандар әулетінің және әулетке қатысы бар әйелдердің шыққан тегі, түр-келбеті, мінез-құлқы, іс-әрекеті, басынан өткізген оқиғалары мен құқы жайлы ақпараттар талданып, әйелдер қауымының отбасындағы және қоғамдағы орны анықталды. «Бабырнама» тіліндегі әйел бейнесі, әйел болмысы жайлы көзқарасты айқындайтын тілдік бірліктердің жалпы этно-мәдени мазмұны түркі халқының дәстүріндегі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әйел-анаға деген ерекше құрметті сипаттайды.

Шартты қысқартулар:

БН – «Бабырнама» ескерткішінің мәтіні

КТҮ.31 – Күлтегін, үлкен жазба

Әдебиет

Айдаров Ғ., 1995. Күлтегін ескерткіші. Алматы: Ана тілі. 232 б.

Бабур-наме. Записки Бабуре, 1958. Перевод. М. Салье. Ташкент: Издательство АН УзССР. 528 с.

Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама, 1993. Аударған Б.Қожабеков. Алматы: Ататек. 448 б.

Благова Г.Ф., 1954. Характеристика грамматического строя (морфологии) старобухского литературного языка конца XV в. По «Бобур-наме». Москва. 17 с.

Благова Г.Ф., 1966. К истории изучения «Бабур-наме» в России. Тюркологический сборник: к 60-летию А.Н. Кононова. Москва: Наука. С.168-176.

Благова Г.Ф., 1994. Бабур-наме. Язык, прагматика текста, стиль: К истории чагатайского литературного языка. Москва: Наука. 403 с.

Ескеева М., 2011. Көне түркі жазба ескерткіштерінің лингвофилософиялық негізі. Астана: Сарыарқа. 319 б.

Ильминский Н.И., 1857. Бабер-намэ или Записки Султана Бабера. Казань. 508 с. <https://nodir.natlib.uz/Record/Details/17985>

Кляшторный С. Г., 1981. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках. Тюркологический сборник. Москва: Наука. С. 131-137.

Кондыбай С., 2005. Казахская мифология. Алматы: Нұрлы әлем. 272 с.

Философия, 2005. Құрастырған Т.Ғабитов. Алматы. 400 б.

Arat R., 1970. Baburname. Babur'un Hatıratı. İstanbul. 403 s.

Beveridge A. S., 1922. The Bābur-nāma in English (Memoirs of Bābur) Translated from the original Turki Text Zahiru'd-dīn Muḥammad Bābur Pādshāh Ghāzī. London: Luzac. 880 p.

Gülbeden, Hümayunname. 1987. Farsçadan çeviren Abdürrab Yelgar. Ankara: Türk Tarih Kurumu. 368 s.

Mukherjee S., 2001. Royal Mughal Ladies and Their Contributions. New Delhi: Gyan Publishing House. 286 p.

Zahiriddin Muhommad Bobur. Boburnoma, 2015. Nashrga tayyorlovchi P. Shamsiyev. Toshkent: Yangi asr avlodi. 704 b.

Reference

Aidarov Ğ., 1995. Kültegin eskertkishi [The monument of Kultegin]. Almaty: Ana tili. 232 p. [in Kazakh].

Babur-name. Zapiski Babura, 1958. Perevod. M. Sal'e [Babur-name. The Memoirs of Babur].. Tashkent: Izdatel'stvo AN UzSSR. 528 p. [in Russian].

Babyr Zakhir ad-din Mukhammed. Babyrnama, 1993. Audarğan B.Qojabekov. Almaty: Ataek. 448 p. [in Kazakh].

Blagova G.F., 1954. Kharakteristika grammaticheskogo stroya (morfologii) starouzbekskogo literaturnogo yazyka kontsa XV v. Po «Bobur-name» [Characteristics of the grammatical structure (morphology) of the Old Uzbek literary language of the late 15th century, based on 'Babur-name']. Moskva. 17 p. [in Russian].

Blagova G.F., 1966. K istorii izucheniya «Babur name» v Rossii [On the history of the study of 'Babur-name' in Russia]. Tyurkologichskiy sbornik: k 60-letiyu A.N. Kononova. Moskva: Nauka. P.168-176. [in Russian].

Blagova G.F., 1994. Babur-name. Yazyk, pragmatika teksta, stil': K istorii chagatayskogo literaturnogo yazyka [Babur-name. Language, Text Pragmatics, Style: Toward a History of the Chagatai Literary Language]. Moskva: Nauka. 403 p. [in Russian].

Eskeeva M., 2011. Köne türki jazba eskertkishteriniñ lingvofilosofiyalıq negizi [Linguophilosophical basis of the ancient Turkic written monuments]. Astana: Saryarqa. 319 b. [in Kazakh].

Il'minskiy N.I., 1857. Baber-name ili Zapiski Sultana Babera [Babur-name, or The Memoirs of Sultan Babur]. Kazan'. 508 p. <https://nodir.natlib.uz/Record/Details/17985> [in Russian].

Klyashtorny S. G., 1981. Mifologicheskie syuzhety v drevnetyurkskikh pamyatnikakh [Mythological themes in ancient Turkic monuments]. Tyurkologichskiy sbornik. Moskva: Nauka. S. 131-137. [in Russian].

Kondybay S., 2005. Kazakhskaya mifologiya [Kazakh mythology]. Almaty: Nürly álem. 272 s. [in Russian].

Filosofiya, 2005. Qurastyrgan T.Gabitov. Almaty: Raritet. 400 b. [in Kazakh].

Arat R., 1970. Baburname. Babur'un Hatıratı. İstanbul. 403 s. [in Turkish].

Beveridge A. S., 1922. The Babur-nama in English (Memoirs of Babur) Translated from the original Turki Text *Zahiru'd-din Muḥammad Bābur Padshah Ghazi*. London: Luzac. 880 p.

Gülbeden, Hümayunname. 1987. Farschadan cheviren Abdürrab Yelgar. Ankara: Türk Tarih Kurumu. 368 s. [in Turkish].

Mukherjee S., 2001. Royal Mughal Ladies and Their Contributions. New Delhi: Gyan Publishing House. 286

Zahiriddin Muhommad Bobur. Boburnoma, 2015. Nashrga tayyorlovchi P. Shamsiyev. Toshkent: Yangi asr avlodi. 704 p. [in Uzbek].

Leyden J., Erskine W., 1922. Memoirs of Zehir-ed-din Muhammed Babur Emperor of Hindustan. Written by himself translated by Leyden J., Erskine W. Oxford University Press. 426p.

Авторлар туралы мәлімет:

Ескеева Мағрипа Қайнарбайқызы, филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 57192307825

Халметов Алишер Рахимжанович докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Information about authors:

Yeskeyeva Magripa, Doctor of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 57192307825

Khalmetov Alisher, PhD Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Ескеева Мағрипа Қайнарбаевна, доктор филологических наук, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: 57192307825

Халметов Алишер Рахимжанович, докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Авторлық үлес:

М.Қ. Ескеева «Бабырнама» мәтіні бойынша материалдар жинап, талдаулар жасады және зерттеудің жалпы тұжырымдамасы мен әдіснамасын әзірледі.

А.Р. Халметов материалдарды «Бабырнаманың» факсимилесі бойынша жинап, оларды интерпретациялауға қатысты, сондай-ақ қолжазбаны редакциялап, баспаға дайындады.

Author contributions:

M.K. Yeskeyeva collected and analyzed the materials related to "Baburnama", and also developed the general concept and methodology of the research.

A.R. Khalmetov collected and analyzed the materials on the facsimile of "Baburnama", performed the analysis and interpretation of the materials, and also edited the manuscript for publication.

Авторский вклад:

М.К. Ескеева осуществила сбор и анализ материалов по «Бабурнаме», а также разработала общую концепцию и методологию исследования.

А.Р. Халметов осуществил сбор материалов по факсимиле «Бабурнаме», выполнил анализ и интерпретацию материалов, а также осуществил редактирование рукописи и подготовку её к публикации.



Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.